

## Ми-8 тікүшағына арналған авиациялық мұлік импорты туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 11 маусым N 634

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009\_ Заңына және "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 Р971037\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "N 405 авиажөндеу зауыты" ашық акционерлік қоғамына "АЭРОТЭКС" кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі қоғамымен (Улан-Удэ қаласы, Ресей Федерациясы) жасалған 2001 жылғы 26 қыркүйектегі N 327.2677-П/01ПР-01 келісім-шартқа N 1 қосымша келісімге сәйкес санда және номенклатура бойынша Ми-8 тікүшағына арналған авиациялық мұлікті (СЭК ТН кодтары 8803 30 900) Қазақстан Республикасына импорттауға рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "N 405 авиажөндеу зауыты" ашық акционерлік қоғамына осы қаулының 1-тармағында көрсетілген авиациялық мұліктің импортына лицензия берсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті осы қаулының 1-тармағында көрсетілген авиациялық мұлікті кедендейк бақылау мен кедендейк ресімдеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК